Ембі тынысы

№7 (112)
ТАМЫЗ
2023 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:
Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Конституция күні құтты болсын!

Құрметті әріптестер!

Қай қоғам, қай кезеңде болмасын елді бір нақты шешімге топтастыратын заңның болатынын ел тарихынан біледі. Сондай маңызды оқиғалардың бірі – еліміздің негізгі заңы ҚР Конституциясының қабылдануы. Жалпыхалықтық референдум нәтижесінде бекітілген Ата Заң – мемлекеттің құқықтық негізін қалыптастырушы маңызды құжат, адам құқығы мен бостандығы сақталуының кепілі. Зайырлы және құқықтық мемлекет екенімізді айқындайтын қуатты фактор.

Басты құндылық, тәуелсіздіктің тірегі – Ата заңның айбыны асқақтай берсін, халқымыздың келісімі мен бірлігі арта берсін.

Мереке құты болсын! Денсаулық, отбасылық бақыт және тұрақтылық тілейміз!

Мұнай-газ кешені қызметкерлері күні құтты болсын!

Қадірменді әріптестер!

Қазақ мұнайының қарашаңырағы саналатын Компаниямыздың тарихы тереңде. Ғасырлық белесті бағындырған Ембі мұнайы кен орындарын игерудің алғашқы күндерінен бастап қазақстандықтардың ерекше символы мен мақтанышына айналды.

Бүгінде кәсіпорын өндірістік және ғылыми-техникалық жетістіктерді, жеңістер мен табыстарды мақтан ете алады. Ал, бұл көрсеткіштердің артында ардагерлердің және қазіргі буын мұнайшылардың орасан зор еңбегі жатыр.

Ембі мұнайшыларының елдің өркендеуіне, халықтың әл-ауқатын арттыруға, отандық экономиканың алға жылжуына үлес қосып жатқанын мақтан тұтамыз!

Кәсіби мерекеге орай, Сіздерге және отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс, тұрақтылық және жарқын жетістіктер тілейміз!

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

ЖОЛДА АБАЙ БОЛ, ЖҮРГІЗУШІ!

3

«МҰНАЙШЫ БОЛҒАНЫМДЫ МАҚТАН ТҰТАМЫН!»

4-5

ӨЗ САУЛЫҒЫҢ – ӨЗ ҚОЛЫҢДА

8

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»:

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҚОРЫНЫҢ ТАРТУЫ

«Самұрық-Қазына» қоры білім күні қарсаңында мектепке алғаш рет қадам басқалы отырған ел көлеміндегі 15 мың балаға оқу құралдарын тарту етті.

Әлеуметтік осал отбасылар санатындағы оқушыларды қамтыған ауқымды акция 10 өңірде жүзеге асты: Абай, Атырау, Ақтөбе, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар және Түркістан облыстары. Атаулы көмек беруде ауыл тұрғындарына басымдық берілді. Соған сай, Атырау қаласымен қоса, аудандар да толық қамтылып, өңір бойынша 922 оқушыға сый тарту жасалды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Қор ұйымдастырған акцияның жергілікті жердегі үйлестірушісі ретінде Жылыой ауданындағы 155 және Мақат ауданындағы 86 оқушыға құралдарды жеткізіп берді.

Бірінші сынып оқушылар үшін арнайы жасақталған жинақ ішінде қажетті құралдар топтастырылған.

Акция операторы – «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры.

ЕМБІЛІКТЕРДІҢ АКЦИЯҒА ҮЛЕСІ

Мұнайлы өңірдің жұртшылығына әрдайым қолдау көрсетуді алға шығаратын «Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік жауапкершілікті жоғары бағалайды. «Мектепке жол» акциясына үн қосуды дәстүрге айналдырған ембіліктер биыл да аталмыш бастамаға қолдау білдірді.

Ұйымшылдығымен және игі дәстүрлерімен белгілі «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы аз қамтылған, әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың балаларына кезекті рет қолдау көрсетті. Бұл жолы ЕМГ Орталық аппаратының қызметкерлері ерікті негізде миллион теңгеге жуық қаржы жинап, 48 балаға оқу құралдарын алып берді.

Игі үрдіске үн қосқан қайнарлық мұнайшылар да қолдау шараларын ұйымдастырды. Осыған дейін көп балалы немесе аз қамтылған отбасылардың балаларына білім күні қарсаңында құрал-жабдықтар сыйға тартып жүрген басқарма ұжымы биыл өз жалақылары есебінен Жамансор бастауыш мектебінің 46 оқушысына түгелдей сөмке мен сабақ құралдарын сыйға тартты.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІМЕН ТАНЫСТЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов пен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев Атырау облысына жұмыс сапары барысында «Ембімұнайгаз» АҚ Бас кеңсесінде болып, Өндірістік процесті бақылау орталығының жұмысымен танысты.

Бұл орталық онлайн форматта өндірістік нысандардың технологиялық процестерін жедел бақылау мен мониторинг жасау үшін барлық өндірістік деректерді бір орталыққа жинақтау және талдау үшін құрылған. Орталықтың мүмкіндіктері өндіріс қызметкерлерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында үнемі жетілдіріліп, толықтырылуда. Осылайша, өндірістік ақпаратты талдауға қатысты күнделікті жұмыс ағымын жеңілдетеді.

Таныстырылым барысында атап өтілгендей, «Ембімұнайгаз» АҚ халықаралық компаниялардың тәжірибесіне сай, үш негізгі құрамдас бөлікті, яғни, адамдар, процестер және технологияларды ескере отырып, цифрландыруға кешенді көзқарасты ұстанады. Бұл нәтиженің сапалы болуымен қатар, сандық көрсеткіштердің артуына да мүмкіндік береді: өндірістік процестердің тоқтап қалуын азайту, өндірудегі төмен нәтижелер, ұңғымаларды күрделі жөндеу кезеңін арттыру, өндірістегі шығындарды азайту.

Бұдан соң, Атырау облысындағы мұнай компаниялары басшыларының қатысуымен сапар қорытындысы бойынша кеңейтілген жиын өтті.

ҚМГ ТӘЖІРИБЕЛІК-ӨНЕРКӘСІПТІК СЫНАҚТАРДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТӘРТІБІН ЕНГІЗЕДІ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының мұнай және газ өндіру кезінде техниканың, технологиялардың, материалдар мен жабдықтардың жаңа түрлерінің тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтарын ұйымдастыру, жүргізу және есепке алу Ережелерін бекітті.

Бекітілген қағидалардың жаңа редакциясы болашақ қызмет көрсететін компаниялардан, ұйымдардан өтінім берудің және ҚМГ-нің мұнай-газ өндіру активтерінде тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жүргізудің бірыңғай тәртібін белгілейді.

Құжат жаңа техника, технологиялар, материалдар мен жабдықтар бойынша тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар ұйымдастыруды, жүргізуді және мониторинг жүргізуді, стенд және зертханалық сынақтарды жүргізуді, сынақ нәтижелерін жан-жақты талдауды және жаңа техника мен технологияларды өнеркәсіпте қолдану жөніндегі одан әрі шешім шығару үшін әзірленген.

Жаңа қағидаларға сәйкес, ұлттық компаниядағы бизнес-процестерді цифрландыру шеңберінде болашақ қызмет көрсетуші компания, ҚМГ еншілес ұйымдары (ЕТҰ), ҚМГ-нің корпоративтік орталығы және «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС (ҚМГИ) арасындағы өзара байланысты жақсарту үшін «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін «ТӨС орталығы» интернет-порталы пайдалануға енгізілді. Цифрлы форматта ҚМГИ ғылыми-техникалық қолдаудың мамандандырылған орталығы ретінде негізгі рөлге ие. Атап айтқанда, ҚМГИ өндірушілерден және/ немесе жаңа техника, технологиялар, материалдар, жабдықтар мен химиялық реагенттер өкілдерінен келіп түскен өтініштерді қарап, ҚМГ-нің еншілес ұйымдарының кен орындарында жаңа техника мен технологиялардың қолданылуын талдау, тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтарды сүйемелдеу және сынақ нәтижелерін растау бойынша жұмыс жүргізеді.

Сынақтарды жүргізу ережелерінің регламенттелген тәртібі «ТӨС орталығы» интернет-порталының жұмыс алгоритмімен толық синхрондалған. Осылайша, ҚМГ Инжиниринг ҚазМұнайГаздың бизнесті корпоративтік жүргізуді трансформациялау стратегиясын іске асыруға белсенді атсалысады, сондай-ақ, ҚМГ мен еншілес ұйымдарының арасындағы өзара бизнес-процестерді оңтайландыруға және үйлестіруге үлес қосады.

www.kmg.kz

ЗОЛОТОЙ ДУБЛЬ «КАЗМУНАЙГАЗА»

С 18 по 20 августа в Астане прошел суперфинал VIII Спартакиады среди сотрудников предприятий группы компаний АО «Самрук-Казына», приуроченной к 15-летию Фонда.

845 участников защищали честь своих компаний в 11 индивидуальных и командных видах спорта.

Особо отличилась команда АО НК «КазМунайГаз», которая лидировала по нескольким видам спорта.

Результаты следующие:

- волейбол (мужская и женская команды) - 1 место,
- баскетбол - 2 место,
- киберспорт - 1 место,
- настольный теннис (мужская и женская команды) - 3 место,
- перетягивание каната - 2 место.

Казмунайгазовцы также заняли призовые места по индивидуальным видам спорта:

- плавание – 1 место,
- армрестлинг (по двум номинациям - до 80кг и выше 80кг) - 3 место,
- шахматы – 1, 2 место.

По итогам соревнований общекомандное первое место было присуждено АО НК «КазМунайГаз».

Отметим, что второй год подряд суперкубок Спартакиады среди портфельных компаний фонда достается казмунайгазовцам.

www.kmg.kz

ӨНДІРІС

Өткен аптада «Ембімұнайгаз» АҚ Бас кеңсесінде өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау шаралары бойынша жыл басынан бергі 7 ай ішіндегі атқарылған жұмыстардың есебі тыңдалды. Оған Компанияға қарасты барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің (ӨҚБ) басшылары мен өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша жауапты мамандар қатысты.

ЕСЕП БЕРУ ЖИНАЛЫСЫНДА ӨНДІРІСТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК КӨРСЕТКІШІ САРАЛАНДЫ

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшы Қайрат Сақтағанов жалпы компания бойынша аталған мерзім ішіндегі нәтижесін тапқан, орын алып отырған проблемалар жөнінде жеті айдағы көрсеткіш бойынша баяндама жасады.

Баяндамада 7 айдағы көрсеткіштер, нақтыласақ, өндіріске байланысты жазатайым оқиғалардың орын алуы, өрт және жол-көлік оқиғаларының мәліметтері баяндалды. Сонымен қатар, қоршаған ортаға эмиссия түрлері, тұрақты ластау көздерінен ластаушы заттардың атмосфераға тасталатын шығындар, соның ішінде факелде жанған газдардың ауаға тасталар қалдықтары, ластаушы заттардың төгінділері туралы да 7 айдағы орындалуынан есеп тыңдалды.

Баяндамашының баса айтқан мәселесі, Ембі өндірісінде қызмет көрсетіп жатқан кейбір мердігер мекемелер кеніштерде өнеркәсіптік қауіпсіздікті сақтау барысында олқылықтарға жол беріп отыр. Нақты сандарды сөйлетсек, мердігер мекемелер тарапынан жыл басынан бері 4 өрт қаупі, 1 өндірістік жарақат алу, 404 көлікте жүру жылдамдық режимін сақтамау, 5 жол-көлік оқиғасы тіркелген. «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы алдағы уақытта Ембі өндіріс алаңдарында қызмет түрлерін көрсетіп жүрген барлық мердігер мекемелерге қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауда талапты күшейткелі отыр. Шындығын айту керек, бұған дейін Ембі өндірісінде қызмет көрсетіп жатқан мердігер мекемелерге қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша бақылау өз деңгейінде болмай келді. «Бұлар мердігерлер, біздің компанияға қатысы жоқ» деген пікірдің қалыптасқаны да шындық. Енді Ембі өндірісінде жүрген барлық кәсіпорынға талап бірдей болады. Мердігерлерге аудит талаптары күшейтіледі. Бұған қоса, өндірістік-құрылымдық бөлімше нысандарында мердігер, субмердігер мекемелер тарапынан жүргізілетін қауіптілігі жоғары жұмыстар кезінде ҚжЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын сақтау үшін "Ембімұнайгаз" АҚ-ы тарапынан бақылаушы тағайындалады.

Бұдан соң, жиналыстың күн тәртібі бойынша барлық ӨҚБ басшылары есеп берді. Басқарма басшылары жыл басынан бергі 7 айдағы көрсеткіштерін баяндаумен қатар, басшылық алдына өздерінің сауалдарын да, ұсыныс-пікірлерін де қойды.

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі есептік жиында Келешектік даму және тәуекелдерді басқару департаментінің директоры Мұратбек Куримов көпшіліктің алдында «Құлаудың, сүрінудің, тайғанақтың алдын алу. Қауіпті және тәуекелді анықтау» тақырыбы бойынша баяндама жасады. Баяндамашы «Галстук-көбелек» әдісі бойынша қауіп пен тәуекелдердің себеп-салдарын ашып көрсетті.

ТҮЙІН. Ағымдағы жылдың шілде айында Компания үшін маңызды нәрсе - жұмысшылардың алаңсыз еңбек етулері мен адамдардың өміріне қауіп төндірмеу мақсатында екі құжат жасақталып, іске қосылды. Олар –

«Ембімұнайгаз»АҚ Бас директоры С.Арыновтың мұнайшыларға Үндеуі;

Компанияның өмірді сақтайтын қағидалары.

Екі құжатта да өндірісте қауіпсіздік мәдениетті жақсарту, оған әрбір қызметкердің саналы түрде атсалысуы жан-жақты баяндалған. Компания үшін басым бағыт – ұжымның қызметкерлері мен мердігер мекеме мамандарының жұмыстан кейін аман-есен отбасына оралуы.

ЖОЛДА АБАЙ БОЛ, ЖҮРГІЗУШІ!

Мұнай-газ өндіру саласындағы маңызды саланың бірі – көлікпен қамту. Аталған бағытта жаңа технология, әдіс-тәсілдер енгізу – «Ембімұнайгаз» АҚ тәжірибесінде қалыптасқан үрдіс.

Бастамалар қауіпсіздік мәселесінің Компания үшін ең маңызды фактор екенін айшықтай түседі. Мәселен, саланы цифрландыру жүйесінің нақты жетістігі – жылдамдықты арттыру оқиғалары санының былтырғы жылдың алғашқы жарты жылдығындағы көрсеткішпен салыстырғанда биылғы 6 айда 64 %-ға төмендеуі.

«Ембімұнайгаз» АҚ Көлік бөлімінің бастығы Мәлік Төресаевтан білгеніміздей, жалпы алғанда, 2018-2022 жылдар аралығында жүзеге асқан жобалар жеткілікті. Соның бірі – транспортпен қамту үрдістерін автоматтандыруға қатысты «Сапарларды басқару» жобасы.

Өз тиімділігін дәлелдеген маңызды жоба негізінен автоматты жүйеге негізделген. Оның басты мақсаты – көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану және жол-көлік оқиғаларының санын азайту. Арнайы платформа арқылы көліктің жүрген маршруты, жолаушылардың қауіпсіздік техникаларын сақтауы толық бақыланады.

Транспортпен қамту үрдістерін автоматтандыру жүйесінің процестері мынадай: транспортқа өтінім беру SAP жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұдан соң, транспортпен қамтуды есепке алу ақпараттық жүйесі арқылы өндірісті жедел басқару қызметі келісімді бекіткен соң, жол жүру парақшасы ашылып, жүру маршруты жасақталады. Тапсырыс берілген жұмыс түрлеріне қатысты транспорт түрі мен жүргізуші жеке таңдалады. Транспорт құралының жанармай шығыны есептеліп, мониторинг жасалады.

Осыдан соң, көліктің жүру жолы, жылдамдықты асырмау, ережелерді сақтау секілді барлық мәселелер мониторинг инженерінің бақылауында болады. Сапар аяқталған кезде тапсырыс орындалғаны расталып, жол жүру парақшасы жабылады.

Бұған қоса, өз тиімділігін дәлелдеген бастаманың тағы бірі – GPS мониторинг.

Жол қауіпсіздігін арттыру және жүргізушілердің көлікті басқаруын жақсарту шеңберінде Компанияның кен орындарында көлік құралдарын қауіпсіз жүргізудің негізгі көрсеткіштері анықталды. Оның ішінде жылдамдықты арттыру, қауіпсіздік белдіктерінің тағылмауы, жедел тоқтау, бекітілген маршруттан ауытқу деректері тіркеледі. Арнайы мониторинг нәтижесінде жүргізушілерді балдық жүйе бойынша бағалау жүргізіледі. Сол деректер негізінде төмен көрсеткіштерге ие жүргізушілермен қосымша жұмыстар жүргізілсе, үздіктерді ынталандыру шаралары қарастырылған.

Жолдағы қауіпсіздікті арттыру мақсатында 2021 жылы барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелердің жолдарына жол белгілері орнатылып, ішкі, аралық жолдарға сәйкесінше, 40, 60 км/сағ шектеулер енгізілді.

«Ембімұнайгаз» АҚ жеңіл, автобустар мен жүк көліктерін аутсорсингке беру бағдарламасын жүзеге асырды. Оның мақсаты – мұнай өндірудің өзіндік құнын төмендету және көлік қызметінің сапасын арттыру. Бұған қоса, мұнай кәсіпшілігінің арнайы техникалар паркін дамыту және жаңарту жұмыстары жүруде.

Жеңіл, автобус және жүк көліктерін аутсорсингке беру бағдарламасы аясында Компания көліктерінің орнына 170 бірлік техника сырттан тартылды. Бұл – бір жағынан экономикалық тиімді әдіс.

Ал, қызметтен босатылған жүргізушілер оқыту және қайта даярлау арқылы арнайы техниканың басқа түрлеріне және Қоғамның өндірістік-құрылымдық бөлімшелеріне ауыстырылды.

АЙТАРЫМ БАР...

«МҰНАЙШЫ БОЛҒАНЫМДЫ

Мұнай-газ кешені қызметкерлері күні – ел экономикасының дамуына сүбелі үлес қосып отырған қара алтын өндіру саласында қажырлы еңбек етіп жүрген мұнайшылар үшін маңызды кәсіби мейрам.

Ғасырлық белесті бағындырған Ембі тарихында аттары айрықша аталатын мұнайшылар әулеттері қалыптасты. Еңбек, отансүйгіштік, бірлік пен кәсібилік құндылықтары сала мамандарының басты принциптері ретінде айқындалды. Отандық мұнай өндіруші Компания өз жұмысы барысында өндірістік көрсеткіштерді арттырумен қатар, осы құндылықтарды да басты назарда ұстайды.

Жер қойнауындағы қазба байлықты іздеу, оны игеру мен дамыту терең білім мен табандылықты талап етеді. Осы талаптарға сай келіп, ел игілігіне үлес қосып жүрген мұнайшылардың өз мамандықтары туралы ой-пікірлерін арнайы жинақтадық.

«Кеше мен бүгінді салыстыруға болмайды...»

Әділжан ҚАДРАЛИЕВ,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ №3 Жаңаталап мұнай-газ өндіру цехының бастығы:

– Қазіргі Қазақ ұлттық аграрлық университетінің механикаландыру факультетіне оқуға түсіп, бітірген соң, инженер-механик мамандығын алып шықтым.

Забурын кеңшарында инженер болып еңбек жолымды бастадым. Ал, мұнай саласына жұмысқа келуім 1990 жылдан бастау алады, «Теңізмұнай» өндірістік бірлестігіне жұмысқа орналастым.

Кейін 1991 жылы «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасының бастығы Құмар Балжановтың шақыртуымен аталған басқарманың материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің инженері болып орналастым. Өндірістен қол үзбей жүріп, Атырау мұнай және газ институтының мұнай және газ геологиясы факультетін бітіріп, инженер-геолог мамандығын алдым. «Жассың, жұмысты жасай аласың!» деген алдымыздағы аға буынның қолдауымен бірқатар жауапты жұмыстарды атқардым. Үлкен сенім артылғанын түсіне, өндірістің ыстық, суығына төзе жүріп, кәсіби шыңдала түстім. Жиырма жылға уақыт №3 Жаңаталап мұнай-газ өндіру цехының бастығы болып, еңбек етіп келемін.

Әр жерде бір вагон, күн райы бұзылған шақта жол азабын тарту, екі пәтерлік ескі үйдің бір жағы асхана, бір жағы жатақхана болғаны секілді қиыншылықтардың бәрі артта қалды.

Әрине, әр жұмыстың өз қиындығы болады. Цех жұмысын жандандыру, көрсеткіштерді арттыру үшін топтық өлшеу қондырғыларын жаңарту, ескі тербелмелерді жаңарту, ұңғымалардан келетін сұйықтықтың қысымын төмендету үшін сұйықтықты жинау және айдау бекетін, мультифазалық қондырғы орнатуды өндірістік бағдарламаларға енгізу, оны қорғау жұмыстары ұйымдастырылды. Сәтті жүзеге асырылып, жағдайымыздың жақсаруына септесетін өзге де шаралар жасалды. Бұған қоса, мұнайшыларға әлеуметтік қолдау жұмыстарын үйлестіру, жатақхана, асханалар салу жұмыстары да осы жылдар аралығында жолға қойылды. Салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылдануға, толыққанды тынығуға лайықты жағдай жасалған. Жаңадан кеңсе ғимараты салынуда. Қауіпсіз, табысты жұмыс жасауға мүмкіндіктер бар.

Бұған қоса, біздер екінші болып, кен орындарын интеллектуалды басқару жүйесіне қосылдық. Ұңғымалардың жұмыс режимі компьютер арқылы көрініп тұрады. Бұның барлығы – дамудың нақты көрсеткіші, Компаниядағы ауқымды жұмыстың нәтижесі.

Мереке құтты болсын, әріптестер! Үлкен жетістіктер тілейміз! Артымыздан жас буын ілесіп келеді, біз алдымыздағы мұнайшылардан үйрендік. Қазақ мұнайының қара шаңырағы саналатын Ембідегі ұрпақтар сабақтастығы жалғаса берсін!

«Балалық арманым орындалды»

Қуанышбек ТУРАЛИЕВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау цехының шебері:

– Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары көптеген шетелдік мекемелер елімізге қаржы құя бастады. Соларды естіп, білген шақта осы салада еңбек етуді армандадым. Оған қоса, әкем Қыдырбай «Қайнармұнайгаз» мекемесінде техника жөндеушісі болып еңбек етті. Сондықтан, қара алтын өндіру саласы туралы аздыкөпті көрген, білгенім бар. Арада уақыт өте келе, бала кезімдегі арманым орындалып, қазір осы салада еңбек етіп жүргеніме қуаныштымын.

Алғаш жұмысқа кірген уақытта алдымыздағы аға буын мұнайшы ағалармен қанаттас қызмет атқарып, солардың тәлім-тәрбиесін көрдім. Солардың ішінде мұнайшы болуыма бағыт-бағдар берген Махамбет Жұмағазиев, Рамазан Абуев, Ерлан Хасанов, Қайрат Исмағұлов ағалармен көп жыл жұмыстас болып, тәжірибемді молайттым, білімімді арттырдым.

Өндірістен келген мұнайдың құрамындағы су, топырақ, тұзды айырамыз. Біздің жұмысымыз үзіліссіз. Тәулік бойы тоқтамастан, күндізгі және түнгі ауысымда боламыз. Мұнай дайындау және айдау барысында пеш, қондырғы және сораптармен жұмыс жасаймыз. Жаздың аптап ыстығында, қыстың сақылдаған аязында да жұмыстан қол үзуге болмайды. Өйткені, мақсатымыз – ортақ, өндірістің тоқтамауы, көрсеткіштердің төмендемеуі. Осы межеге жету үшін тұтастай ұжым бірлесе еңбек етеді. Жұмыс орнымыздың, бірлігі мықты ұжымымыз, қуаныш пен қиын уақыттарда сүйеу болатын әріптестеріміздің мен үшін орны бөлек.

Кәсіби мерекемен барша ембі мұнайшыларын құттықтай келе, отбасыларына амандық, денсаулық және табысты еңбек тілеймін. Мұнай өндіру саласындағы қызығынын гөрі қиындығы басымырақ жұмысымыздың жемісі ел игілігіне жарай берсін!



МЕРЕЙ

Ембі басқармалары мен кен алаңдарының тарихы сан алуан. Бірі ғасырлық белесті бағындырса, енді бірі ширек ғасырға аяқ басуда. Кәсіби мереке қарсаңында биыл белгілі бір белеске жеткен басқарма мен кен орындарының бүгінгі тыныс-тіршілігінен мәліметтер келтіруді жөн көрдік.

Кен алаңдары:

«ЖАЙЫҚМҰНАЙГАЗ» МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРУ БАСҚАРМАСЫ

1973 жылы 11 сәуірде КСРО мұнай өнеркәсібі министрлігінің бұйрығымен «Ембімұнайгаз» өндірістік бірлестігіне қарасты «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы шаңырақ көтерді.

Күні бүгін аталған басқарма 8 мұнай кен орындарын игеруде: С.Балғымбаев, Оңтүстік-Батыс Қамысты, Оңтүстік-Шығыс Қамысты, Оңтүстік-Шығыс Новобогат, Лиман блогы, Жаңаталап, Гран және Забурын.

Басқарманың жалпы аумағы 7336,4 гектар.
Пайдалану қорындағы ұңғылар – 700.
Әрекет ету қорындағы ұңғылар – 689.
Су айдау қорындағы ұңғылар – 94.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ 50 жылдан аса уақыт ішінде 60,9 млн тоннаға жуық мұнай өндіріп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосып келеді.

С.БАЛҒЫМБАЕВ КЕН АЛАҢЫ

Пайдалануға берілген уақыты – 1968 жыл
Пайдалану қорындағы ұңғылар – 139.
Әрекет ету қорындағы ұңғылар – 136.
Су айдау қорындағы ұңғылар – 16.

С.Балғымбаев кең алаңында ілеспе газды дайындау қондырғысы іске қосылып, дайындалған тауарлы газ басқарманың өндірістік-техникалық қажеттілігімен қатар ауданның елді мекендерінің игілігіне жаратылуда. Сонымен қатар, Қазақстанда мұнай өндіруші компаниялардың ішінде ең бірінші рет С.Балғымбаев кен орнында ұңғыларға штангалы сораптың тораптық жетектері (ЛПШН) өндіріске енгізілді. Сондай-ақ, ұңғылардың жөндеу аралық уақытын және жұмыс жасау режимін оңтайландыру мақсатында іші қуыс (полая штанга), қырғыш штангалар жіберіліп, автоматты басқару станциясы (САУ ШГН), интеллектуалды басқару жүйесі (ИСУ) іске қосылып және кен қабатына су айдау ГНК сорабы енгізілді.

«Ата жолын жалғадым...»

Тасболат НҰРШАХАНОВ,
«Досссормұнайгаз» МГӨБ «Ботақан» кен алаңы құрал-жабдықтар бөлімшесінің 5 дәрежелі жөндеушісі:

– Атам, әкем – мұнайшы. Қара алтын өндірісінде өз қолтаңбалары қалған жандардың жолын жалғауды жөн көрдім. Сондықтан, орта мектепті бітіріп, кейін әскери борышымды өтеген соң, «Ботақан» кенішіне қызметке тұрдым. Осылайша, қара алтын өндіру саласында еңбек еткеніме 35 жыл толады.

Әр мамандықтың өзіндік ерекшелігі бар. Мұнайшы да солай. Үлкен ұжым, бірнеше салалық бөлімше қызметкерлерінің бірлесе жасаған жұмысының нәтижесінде ғана жер қойнауындағы қара алтын ел игілігіне кәдеге асады. Осы мақсатқа жету үшін бірнеше сала мамандары бірлесе еңбектенеді. Ғасырлық тарихты еңсерген Ембі қабырғасында талай майталман мұнайшылар қалыптасып, өз соқпақ, сүрлеулерін салды. Сондай іргелі кәсіпорыннын қызметкері болып, салада табысты еңбек етіп жүргенімді зор мақтаныш санаймын.

Мұнайшылар еңбек етумен қатар, мәдени шаралардың ортасынан табылып, салауатты өмір салтын насихаттауға да көңіл бөледі. Компания тарапынан бұл бағыттағы шараларды ұйымдастыруға, оларға белсенді қатысуға лайықты жағдай жасалған. Оған қоса, 2016 жылдан бастап, осы цехта кәсіподақ төрағасы-цехком болып еңбек етемін. Бұл бағытта да көптеген іс-шаралар атқарылып, әріптестерімізбен бірге түрлі шараларға атсалысып жүрміз.

Біздің Компаниямызда мүмкіндіктер мол. Қолдау түрлері қарастырылған. Мәселен, цехтар арасындаұйымдастырылған табиғатты қорғауға қатысты шарада жеңіске жетіп, Сарыағаш шипажайына жолдама алып, демалып келгенім – соның дәлелі.

Барша әріптестерімді, қарт Ембіде қолтаңбалары қалған сала ардагерлерін мұнайшылар күнімен құттықтаймын! Компаниямыздың жетістіктері көбейе берсін!

МАҚТАН ТҰТАМЫН!»

«Саланы таңдағаныма өкінбеймін»

Гүлшат ЕРМАНОВА,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен орнының 5 дәрежелі операторы:

– Мұнайшылар отбасында дүниеге келгендіктен, мектеп бітірген шақта «Болашақта кім боламын?» деген сауалдың жауабын ертерек ойластырып қойғанмын. Осылайша, орта білім беру мекемесінен шыққан соң, кәсіби техникалық училищені бітіріп, Сарықамыс поселкесіне Прорва кен орнына мұнай-газ операторы болып, еңбек етуге келдім.

Мұнай-газ өндіру саласына алғаш қадам жасап, қызықты да қиындығы мол мамандықтың тұңғиығына терең сүңгідім. Кейін политехникалық университетті бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алып шықтым.

Өндірісті жедел басқару қызметінде ауысым инженері лауазымында еңбек еттім, қазіргі таңда Прорва кен орнында 5-дәрежелі пульт басқару операторымын.

Мамандығымыздың қиындығы басым болғанымен, ата-анамның ізін жалғап жүрген соң, осы саланы таңдағаныма еш өкінбеймін. Әрқашан ер-азаматтармен иық тірестіре еңбек етіп, қара алтын өндіру ісіне үлес қосып жүргенімді мақтан тұтамын.

Қысы-жазы жұмыстан қол үзбей, кездескен қиыншылықтарды еңсеріп, өндірістік көрсеткіштердің уақытылы орындалуына, апатсыз қызмет атқаруға әрқашан ұмтыламыз.

Әрине, жұмыс барысында түрлі оқиғалар болады. Кез-келген мәселе туындай қалған сәтте дереу әрекет етіп, әріптесерімізбен бірлесе қимылдау нәтижесінде жұмыс барысының ағымнан ауытқымауы үшін жұмыстанамыз.

Порва кен орнындағы еңбек өтілім 38 жылдан асып барады. Қызметтік жолымда майталман мұнайшы әріптестерімнен үлгі алып, білімімді толықтырсам, бұл күнде өзім де жастарға жөн сілтер жасқа келдім.

Отбасымызда ұл-қыздарымыздан өрбіген немере-жиендеріміздің қызығын көріп отырған бақытты мұнайшы әжемін.

Кәсіби мерекеге орай, барша әріптестерімді құттықтаймын! Ел ырысын еселеген қара алтын қорын өндіру жолындағы еселі еңбектерімізге зор табыс, апатсыз өндіріс тілеймін!

тарих, жылдар және жетістіктер

ПРОРВА КЕН АЛАҢЫ

Прорва мұнай-газ кен алаңы 1963 жылдың қыркүйегінен бастап игерілуде. Кен алаңының балансында 4 кен орны бар: С.Нұржанов, Батыс Прорва, Досмұхамбетов, Ақтөбе.

Пайдалану қоры – 299.
Әрекет ету қорындағы ұңғылар – 262.
Жұмыс жағдайында – 246.
Консервацияда – 110.

ШЫҒЫС МАҚАТ КЕН АЛАҢЫ

Шығыс Мақат мұнай-газ кен алаңы 1993 жылдың 25-маусымнан бастап игерілуде.

Пайдалану қорындағы ұңғылар – 93,
Әрекет ету қорындағы ұңғылар – 91,
Консервациядағы ұңғылар – 10,
Су айдау қорындағы ұңғылар – 14.

Шығыс Мақат кен орындарындағы газ дайындау учаскесі 2013 жылдың шілдесінде пайдалануға берілді. Газды тазарту учаскесін салудың мақсаты – атмосфераға ілеспе газ шығарындыларын азайту.

ГДУ ілеспе газды өңдеуге, тазартуға және кептіруге арналған, яғни, тауарлы газды Мақат, Сағыз елді мекендеріне, сондай-ақ Шығыс Мақат және Солтүстік Жолдыбай кен орындарына өндірістік мақсатта және өз қажеттіліктеріне пайдалану үшін береді.

УЧЕБНО-ТРЕНИРОВОЧНОЕ ЗАНЯТИЕ

ТУШЕНИЕ СТЕПНОГО ПОЖАРА

Проверка готовности сил и средств на случай возникновения чрезвычайной ситуации, а также отработка совместных действий работников НГДУ «Доссормунайгаз», пожарной части №10 ТОО «Семсер - Өрт сөндіруші» и ТОО «Медикер-ПМ» стали темой учебно-тренировочного занятия (УТЗ), прошедшего на месторождении Ботахан.

По тактическому замыслу занятия, степной пожар создал угрозу скважине № 186 на месторождении Ботахан, на котором велся подземный ремонт. В зоне риска оказались бригада ПРС, спецмашина для ремонта скважин АПРС-40 и вагончик (культбудка) для рабочих, установленный в 30-метрах от скважины. Внезапно направление ветра меняется, в результате, пожар устремляется в сторону скважины. На участок, где работает бригада, порывом ветра летят искры огня, обгоревшие остатки травы и клубы дыма. Мастер бригады ПРС сообщает об угрозе пожара начальнику цеха по добыче нефти и газа (ЦДНГ) Ботахан, тот, в свою очередь, согласно плану аварийного оповещения, срочно информирует сменного инженера службы оперативного управления производством, пожарную часть №10 ТОО «Семсер - Өрт сөндіруші» и ТОО «Медикер-ПМ». В свою очередь, сменный инженер незамедлительно сообщает о пожаре руководству НГДУ «Доссормунайгаз», пожарным частям №8 ТОО «Семсер - Өрт сөндіруші» в Доссоре и Макате.

Тем временем, степной пожар вплотную подступает к скважине, и расстояние между ними уже всего сто метров. Бригада ПРС приступает к разборке спецмашины АПРС-40, мастер по рации просит у начальника цеха «Ботахан» транспорт для отбуксировки АПРС-40 и вагончика в безопасное место.

По тревоге на пожар выезжают сотрудники ПЧ №10 и 2 пожарные машины АЦ-5-40 (КАМАЗ). Создается аварийный штаб по ликвидации огня. Энергетики приступают к отключению электроэнергии на близлежащих трансформаторах. Грузовой транспорт начинает отбуксировку спецмашины АПРС-40, а специальный погрузчик приступает к распахиванию земли в опасной зоне в целях локализации степного пожара, который уже в 50 метрах от скважины. Прибывший на место начальник караула ТОО «Семсер - Өрт сөндіруші» оценивает обстановку на месте и дает команду для тушения пожара. На помощь к огнеборцам прибывает группа работников месторождения Ботахан и автоцистерна с водой. В течение 20 минут пожар был ликвидирован.

После окончания УТЗ состоялся его детальный разбор. В целом, организации и проведению учебно-тренировочного занятия была дана высокая оценка.

ӨРТ-ТАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫ

ТІЛСІЗ ЖАУМЕН КҮРЕС

Қауіпсіздік – қашан да маңызды. Әсіресе, тілсіз жаумен күресте жедел әрекет, тиімді тәсілдің берері мол. Компания тарапынан бұл бағыттағы оқу-жатығу шаралары ұдайы ұйымдастырылып келеді. Соның бірі – Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау (ӨТҚжЖК) басқармасы қойма шаруашылығы және тауарлы-материалдық құндылықтар (ТМҚ) жеткізу орталығы учаскесінде өткен өрт-тактикалық сабағы.

Тілсіз жаумен күресте тиімді іс-шараларды, нысанға жауапты өкілдердің өрт сөндіру қызметімен бірлескен іс-әрекет, қимылдарын пысықтау. Дайындықты арттырып, өрт сөндіру тәсілдері мен әдістерін тәжірибе барысында қолдану. Бұл – тактикалық сабақтың негізгі принциптері.

Жасақталған жоспарға сай, қойма шаруашылығы және ТМҚ жеткізу орталығы учаскесіндегі №4 құрылыс материалдар қоймасы ішінде бояуға арналған еріткіш құлап, бөтелкенің жарылған жерінен еріткіш ток жүйесіне тиіп, өрт шықты. Тілсіз жау салдарынан жұмысшы күйік алды. Жедел әрекет еткен қойма меңгерушісі қасындағы өзге қызметкерлермен бірге жұмысшыны қауіпсіз жерге алып шығып, алғашқы көмек көрсетті.

ӨТҚжЖК басқармасының хабарлау жоспары бойынша «Медикер-ӨМ» ЖШС пункті мен қойма учаскесі бастығына хабарлады. Жұмысшылар алғашқы өрт сөндіру құралдарымен көлемі 2 шаршы метрді құрайтын өртті өшіруге кірісті.

«Ембімұнайгаз» АҚ аумағында оқиға болған кездегі хабарлау жоспары бойынша нақты іс-әрекеттер жүргізілді. «Медикер-ӨМ» ЖШС дәрігері, қойма басшысы, ТМҚ бақылау телімі қауіпсіздік қызметінің инспекторы тиісті іс-шараларды жүргізді. «Ембімұнайэнерго» электр монтаждау учаскесі бастығының тапсырмасы бойынша №4 қоймасы мен оған жақын орналасқан аймақты электр қуатынан ажыратты.

«Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС БФ №11 және №14 ӨСБ өрт сөндіру автокөліктері шақырылған жерге дабыл бойынша жетті. Алғашқы келген арнайы көлік қызметкерлері дереу әрекет етіп, ошақты өшіруге кіріссе, кейін жеткен өрт сөндірушілер тобы от тұтанған қоймаға қанаттас орналасқан нысандарды өрттен сақтау мақсатында әрекет етті.

Санаулы уақыттардан соң, шартты өрт оқшауланып, толықтай сөндірілді.

Тактикалық сабақ соңында қорытынды сөз алған Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшы Қайрат Сақтағанов осы секілді іс-шаралардың аса маңызды екенін атап, бүгінгі жаттығудың жоғары деңгейде өткенін жеткізді. Қауіпсіздік техникасын сақтау, тілсіз жаумен күресте жаңа технология, әдістерді енгізу негізгі басымдықтар қатарында екеніне тоқталды.

Кәсіподақ – өндірістегі және өндірістен тыс салалардағы қызметкерлерді біріктіретін, өз мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін құрылатын ерікті ұйымдар. Еңбек қатынастары, жұмыспен қамту, жұмыс уақыты мен режимі, демалыстың ұзақтығы, жалақының мөлшері. Бұл – кез-келген жұмысшы үшін маңызды мәселелер. Сонымен қатар, бұл – ортақ қызмет сипаты мен кәсіби мүдделеріне орай ұйымдасқан азаматтардың қоғамдық бірлестіктері, яғни, кәсіподақтар шеңберінде қаралатын негізгі тақырыптар.

Кәсіподақ – зор күш. Оның міндеті маңызды әрі жауапты. Тарихы тереңнен бастау алатын «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Кәсіподақ комитеті де – зор жауапкершілікпен жұмыс жасап келе жатқан іргелі құрылым. Аталған бірлестіктің кешесі мен бүгінгі тыныс-тіршілігі және алдағы жоспарлары туралы ембіліктерді етене таныстыру мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің төрағасы Болат Нсанбаевпен сұхбаттастық.

Болат НСАНБАЕВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің төрағасы:

«КӘСІПОДАҚ – ҮЛКЕН КҮШ»

***«Ембімұнайгаз» АҚ касіподақ ұйымының тарихы 1922 жылдың 1 қазанында «Эмбанефть» трестінің құрылуынан басталады.**

***Алғашқы құжат –1923 жылы бекітілген ұжымдық шарт.**

***1976 жылы «Эмбанефть» өндірістік бірлестігінің бірлескен касіподақ комитеті болып құрылды.**

***Касіподақ қызметінің мақсаты – әлеуметтік және еңбек құқықтарын және қызметкерлердің касіби мүдделерін қорғау.**

– Болат Мұратұлы, кәсіподақтың басты міндеттерінің бірі – әлеуметтік-еңбек саласындағы кәсіподақ мүшелерінің мүддесі мен құқығын қорғау десек, нақты осы бағытта атқарылған жұмыстарды атап өтсеңіз.

– Айтуыңыз дұрыс. Бұл бағытта көптеген жұмыстар атқарылды. Мәселен, 2022-2026 жылдарға арналған Ұжымдық шартты дайындауға қатысты жұмыс тобының талқылауы барысында Кәсіподақ комитеті жаңа ұжымдық шартқа енгізу үшін 32 ұсыныс жасақтады. Соның ішінен 15-і қолдауға ие болып, енгізілгенін айта кеткен жөн болар.

Сонымен қатар, «Ембімұнайгаз» АҚ Жол картасы аясында Кәсіподақ комитетінің ұсынысы бойынша көпбалалы отбасылар санатына жататын кәсіпорын қызметкерлері және ауыр сырқатына байланысты еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтатуға мәжбүр болған қызметкерлердің балалары жұмысқа қабылданды.

– Осы бағыттағы өзге шаралар туралы да білсек бола ма?

– «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің ұсынысы бойынша серіктестік қызметкерлері балаларының демалуына қатысты ұжымдық шартқа қосымша келісім енгізілді. Яғни, жыл сайын 6 жастан 14 жасқа дейінгі екі балаға 50 АЕК мөлшерінде, растайтын құжаттарсыз материалдық көмек көрсету туралы шешім қабылданды.

Сол секілді, Кәсіподақ комитетінің талабы бойынша жыл сайын балалардың жаңа жылдық сыйлықтарын сатып алуға бөлінетін материалдық көмек көлемі 4000 теңгеден 8000 теңгеге дейін ұлғайтылды.

Бұған қоса, Кәсіподақ комитетінің ұсынысы бойынша әлеуметтік, мәдени, спорттық, имидждік іс-шараларды Қоғаммен бірлесіп өткізу туралы Ұжымдық шартқа қосымша келісімге қол қойылды.

Комитет тарапынан былтыр атқарылған нақты іс-шаралар қатарында – Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталлиннің Атырау облысына жұмыс сапары аясында «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің шақыруымен «Доссормұнайгаз» және «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында болғанын айта кеткен жөн болар. Сонымен қатар, 2022-2023 жылдары Кәсіподақ ұйымының қатысуымен «Жайықмұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында еңбек даулары шешілді.

– Еңбек ұжымдарымен кездесулер қаншалықты жиі ұйымдастырылады? Жалпы, кез-келген жұмысшы үшін Кәсіподақ комитеті қолжетімді ме?

– Әрине, барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде және Компанияның басқару аппаратында кәсіподақ ұйымдары құрылған, төрағалары жұмыс жасауда. Нақтылай кетсек, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ кәсіподақ комитетінің төрағасы – Қази Бисенов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ – Самат Мұхамбетов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ – Кенжебай Айдарбеков, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ – Еркінбек Мырзашев, «Ембімұнайэнерго» басқармасында – Сүндет Шеруенов, Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасында Самат Орамахов, Басқару аппараты кәсіподақ комитетінің төрағасы – Асылбек Жұмабаев. Ал, жалпы алғанда, кәсіподақ ұсынысымен, барлық басқармалардағы жұмыс тобымен кездесулер ұйымдастыру – дәстүрге айналған іс-шаралардың бірі. Басқосулар барысында еңбек және әлеуметтік сипаттағы өзекті мәселелер тыңдалып, талқыланады.

Кез-келген мәселеге сергек көзқараспен қарау, жұмысшы мүддесін көздеу – біздің басты миссиямыздың бірі.

Бұл бағытта атқарылған ауқымды жұмыстардың бірі – өткен жылдың қазан айында «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен, қоғамның өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінің кәсіподақ комитеттері төрағаларының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылығымен Астана қаласында өткен кездесу. Маңызды жиында Компания қызметкерлерінің еңбек жағдайлары мен әлеуметтік кепілдіктер мәселелері, еңбекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесіне өзгерістер енгізу мәселесі талқыланды. Соның ішінде, Бас компанияның жұмыс тобымен өткізілген кездесуде ЕМГ тарапынан ұсынылған 21 ұсыныстың 13-і қабылданды.

Бұған қоса, 2021 жылдың соңында және 2022 жылдың басында бірнеше рет өткізілген кездесу, талқылаулар соңында «ҚазМұнайгаз» ҰК АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ-на нақты негіздемеге сүйеніп, ЕМГ қызметкерлерінің жалақысы мен индексация көлемін ұлғайту туралы хат жолданды. Осы жұмыстар биыл да жалғасуда. «ҚМГ» ҰК АҚ, «Самұрық-Қазына» қоры мен «ЕМГ» АҚ-на қоғам қызметкерлерінің жалақыларын жоғарылату туралы хат жолдадық. Негіздеме ретінде ресми құқықтық дереккөздердің мәліметтерін келтіріп, инфляция, қымбатшылық деңгейін көрсеттік. Нәтижесінде 9,5 пайыз индексация алып отырмыз. Бұл – ауқымды жұмыстардың қорытындысы.

Осымен қатар, «Ембімұнайгаз» АҚ 100 жылдық мерейтойына орай, Компания қызметкерлеріне сыйлықақы беру мәселесі де кәсіподақ комитетінің араласуымен оң шешім тапты.

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ басқару аппаратының 8 сағаттық жұмыс режиміне ауысуына байланысты қызметкерлердің күнделікті жұмыс орнына жету және кері маршруты ұйымдастырылып, шешімін тапты. Бұл бағыттағы жұмыстар «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бойынша да ұйымдастырылуда.

– Алдағы жоспарлар туралы да білсек...

– Әлеуметтік қолдау тетіктеріне қатысты, осы міндетке жету жолындағы нақты жоспар бар. Жұмыс берушілерге ұсыныс ретінде айтылған көптеген бастамаларымыз жүзеге асуда. Барлығы да – қызметкер құқығының бұзылмауы, жұмысшы мәртебесінің жоғарылауы мақсатындағы іс-шаралар.

– Сұхбатыңыздың соңында, кәсіби мерекеге орай, әріптестеріңізге тілегіңізді білдірсеңіз.

– Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің мерекесімен барша ембілік ардагерлер мен қызметкерлерді құттықтаймын. Қара алтын қоры азаймай, ел игілігі үшін пайдаға асуына тер төгіп жүрген сала мамандарының еңбегі – құрметке лайық. Табыстарымыз мол, жетістіктеріміз көп болсын!

Ал, еңбеккерлерге лайықты құрмет көрсетілетін жалпыға ортақ еңбек қоғамын құруға ықпал ететін кәсіподақ комитеттеріне жаңа жетістіктер тілеймін. Әділдік, бірлік және ынтымақтастық қағидаттарына негізделген жұмыстарымыз жемісті болсын.



ДЕНСАУЛЫҚ

ӨЗ САУЛЫҒЫҢ – ӨЗ ҚОЛЫҢДА

Қазақстандық дәрігерлер соңғы уақыттарда жұртшылық арасында қант диабеті, қан қысымының мөлшерден тыс жоғарылап кетуі, ішек жолдары жұмысының бұзылуы т.т. дерттердің көбейіп отырғанын айтып, дабыл қағуда. Осы орайда, ембілік мұнайшылардың арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, аталмыш аурудан сақтану жолдарына арналған насихат жұмыстары жүргізілді.

ДӘРІГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ

«Мұнайшы қыз» клубының ұйымдастыруымен Компанияға қарасты төрт мұнай-газ өндіру басқармасында атыраулық дәрігерлермен кездесу өтті. «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Прорва кен алаңында, «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының С.Балғымбаев кенішіндегі, «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Жамансор базасында, «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Шығыс Мақат кен алаңының ұжымымен болған кездесу шарасында дәрігерлік кеңестер берілумен қатар, мұнайшылардың өз қалауларымен медициналық бақылау, тексерулер де жүргізілді.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Тасмағамбетова шараның мақсатына тоқталды.

– Компания үшін жұмысшыларының денсаулығы, олардың қауіпсіз еңбек етуіне барлық жағдайды жасау – үнемі басымдық беретін өзекті шара. Бұл орайда өндіріс алаңдарында жиі болып, түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу жоспарда тұр. Далада ауысымдық әдіспен еңбек ететін жұмысшылар үшін атыраулық дәрігерлер арнайы өндіріске келіп отыр. Алайда, денсаулықты сақтау әркімнің өз жауапкершілігінде екенін ұмытпайық, – деді Р.Тасмағамбетова кіріспе сөзінде.

Мұнайшылар алдында сөз алған Атырау қалалық №7 емханаңың директоры Гүлфайрус Таңбаева соңғы кездерде көбейіп және жасарып бара жатқан дерттер туралы кеңірек баяндап, одан сақтану жолдарын да аша түсіндірді.

Қандай ма дерт болмасын, оның себебінің бірі – дұрыс тамақтанбаудан. Шынын айту керек, бізде дұрыс тамақтану бойынша түсінігіміз аз. Содан келіп, шамадан тыс тамақтанамыз, зиянды тағамдарды жиі пайдаланамыз. Дұрыс тамақтану мәдениетін әлі де жетілдіре түскен жөн деді дәрігерлер.

ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ МӘДЕНИЕТІ ДЕГЕНДІ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕМІЗ?

Ең алдымен, тамақтану орнын дұрыс таңдау маңызды. Теледидар, компьютер алдында тамақтанған адам мөлшерден тыс ауқаттанғанын білмей қалады. Ал, көп тамақтану артық салмаққа апарады.

Кездесу барысында дәрігерлер тамақтану уақытын да ашып айтты. Қатты қарыңыз ашқан кезде емес, аздап ашқан кезде тамақ қабылдаған жөн. Бүгінде кез-келген адам стресске шалдығады. Стресс кезінде кейбір адамдар көп тамақтанғанын байқамай қалады.

Тәтті тағамдарды мөлшерден тыс пайдалану өте зиян. Көп тамақтанудан асқазанда ауырлық пайда болады, асқазан қышқылы құрылады. Бұл гастрит немесе жараға әкеп соғады. Шамадан тыс қант тұтыну ұйқы безінің жұмысын бұзады. Бұдан көп мөлшерде инсулин бөлінеді. Осыдан келіп, адам организмінде қант диабеті белең алады. Рафинадталған қантты да барынша пайдаланбаған жөн. Бұлар – адамға салмақ қосатын тағамдар.

Ашы тағамдар да денсаулыққа зиян. Көп мөлшердегі ашы тағамдар ағзадағы сұйықтықты бөгеп, несеп тас ауруы мен жүрек-тамыр жүйесі ауруларын тудырады

Темекіні көп тарту денсаулыққа зиян. Темекіні көп тартқан адамның бетіне әжім ерте түседі, шашы сирейді, саусағы сарғыш тартады, тісі бұзылады, терісінің қасиеті кемиді. Ас қорыту жүйесінің, жүрек-қан тамыры аурулары, қатерлі ісіктер болуы мүмкін. Бүгінде әлем елдерінде 2 млрд. астам адам темекіге бағынышты. Қазақстанда бұл көрсеткіш – 5 миллионды құрап отыр. Ал, жыл сайын дүниежүзінде 4 миллионнан астам адам темекіден қайтыс болатынын ескерсек, қандай қорқынышты дерек.

Кездесу барысында сөзін түйіндеген дәрігер өз денсаулығын ойлаған әрбір адам дұрыс тамақтанумен қатар, үнемі қимыл-қозғалыста болуды да ұмытпау керек дегенді баса айтты.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру – денсаулықты сақтау әрі нығайту жолындағы тиімді тәсіл. Әлем медицинасына жүгінсек, бүгінде адам денсаулығының 55 пайызға жуығы салауатты өмір салтын ұстанады. Темекіден бас тартқан, дұрыс тамақтану мәдениетін ұстанған адам спортпен дос болса, бұл – дені сау болумен қатар ұзақ өмір сүрудің тетігі. Осыны ұмытпаған жөн.

Шара кезінде ембілік мұнайшылар денсаулыққа қатысты өздерін мазалаған сауалдарына дәрігерлерден тұшымды жауаптар да алды.

Кездесудің соңы Ембі өндіріс алаңдарындағы «Медикер-ӨМ» ЖШС-нің мамандарымен бірлесе отырып, медициналық тексеру шарасына ұласты.

«Ембімұнайгаз» АҚ-на (одан әрі – Қоғам) Омбудсмен лауазымы енгізілуіне орай, Қоғамның хабарласқан қызметкерлеріне кеңес беру үшін және әлеуметтік-еңбек тақырыбындағы өзекті мәселелер мен дауларды қарауда ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында СЕНІМ байланыстары орнатылды:

Электрондық пошта: Ombudsman@emg.kmgep.kz;
Телефон: 21-900, 76-19-00.

«Ембі тынысы» газетін осы **QR код** арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgep.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmgep.kz

Г.Әмірова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmgep.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

М.Елеусінов – Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары;
Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;
Г.Шарафетдинова – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;
Қ.Сақтағанов – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшы;
А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;
Қ.Тулеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;
Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;
Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.